

ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ РЕГЛАМЕНТІ

Жеткізушілердің этикасы мен іс-әрекеті

KAZ MINERALS LIMITED және оның Тобы («KAZ Minerals» немесе «Топ») өз жеткізушілерінен этикалық және шынайы іс-әрекетті, көпшілік мойындаған халықаралық қағидаттарды және жергілікті заңнаманы, сонымен қатар Топтың құндылықтары мен ішкі рәсімдерін құрметтеуін күтеді.

Жемқорлық

KAZ Minerals өз қызметкерлері, мердігерлер, клиенттер, жеткізушілер және оның атынан іс-әрекет ететін үшінші тұлғалардың тарапынан болатын кез келген сыбайлас жемқорлық пен парақорлық түрлеріне тыйым салады.

KAZ Minerals Тобының іскерлік қызметті жүргізуіне қатысты парақорлық пен сыбайлас жемқорлық төмендегі іс-әрекеттердің кез келгенін де қамтиды:

- (i) ресми лауазымды тұлғаға ресми процедураларды жеделдету үшін заңсыз немесе заңға қайшы сомаларды төлеу;
- (ii) агенттер (консультанттарды, заңгерлерді, кеңес берушілерді және т.с.с. қоса алғанда) арқылы пара төлеу;
- (iii) жұмыскерлердің немесе олардың туыстарының іскерлік қызметті жеңілдету үшін ақша қаражатын немесе материалдық игіліктерін алуы;
- (iv) асыра көрсетілген комиссиялық алымдар немесе жеңілдіктер;
- (v) пара алатын адам немесе оның туыстары немесе байланысты адамдар үшін құндылық болып табылатын білім беру, жол жүру немесе кез келген өзге де қызметтер саласында қызметтер алу.

Дегенмен, егер олар жұмыс орнында ашық түрде ұсынылса және ақшалай құны шамалы болса немесе KAZ Minerals Тобының сыйлықтар мен қонақжайлылықтың өзге де көріністеріне қатысты саясатына, сондай-ақ мүдделер қақтығысы туралы саясатқа өзге де түрде сәйкес келсе, жеткізушілердің бастамасы бойынша ұсынылатын кейбір сыйлықтар қабылдануы мүмкін (www.kazminerals.com).

Біздің KAZ Minerals Тобымен кез келген сипаттағы іскерлік байланысы бар жеткізушілеріміз келесі көрсетілгендерді орындайды деп күтеміз:

- KAZ Minerals компаниясының кез келген қызметкерінің немесе кез келген ресми лауазымды тұлғасының немесе өзге тараптың атына немесе тарапынан кез келген нысанда пара ұсынудан немесе қабылдаудан бас тарту;
- агенттер, консультанттар және өзге үшінші тұлғалар арқылы кез келген түрде параны жанама түрде ұсынудан немесе пара алудан бас тарту;
- KAZ Minerals-тың пара беру және сыбайлас жемқорлыққа қатысты қағидаттарын басшылыққа алу (www.kazminerals.com);
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша өз қызметкерлерін оқыту;
- бізге пара алу немесе парақорлықтың немесе сыбайлас жемқорлықтың басқа түрлері туралы кез келген өтініштер туралы хабарлау;
- мәмілелердің нақты есебін жүргізу;
- KAZ Minerals Тобы қызметкерлерінің атына немесе тарапынан кез келген сыйлықтарды немесе қонақжайлалық көріністерін ұсыну немесе алу жөніндегі саясатын орындау (www.kazminerals.com);

- мүдделер қақтығыстарына жол бермеу және мүдделер қақтығысы тәуекелі туындаған жағдайда KAZ Minerals-қа ақпарат беру;
- барлық берілетін ақпараттың құпиялылығын сақтау.

Әлеуметтік жауапкершілік

KAZ Minerals Тобы барлық жеткізушілерден өз тобы қызметкерлерінің аман-саулығын және олардың өндірістік операцияларының қоршаған ортаға және олардың жанында тұратын жергілікті халыққа тигізетін әсерін ескере отырып, тиісті түрде қызмет жүргізуін талап етеді.

Адам ресурстары

KAZ Minerals өз жеткізушілерінен:

- БҰҰ-ның Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына сәйкес адам құқықтарын қорғауды қолдауын және құрметтеуін, сондай-ақ олардың адам құқықтарының қандай да бір бұзу жағдайына қатыспауын қамтамасыз етуін;
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының жергілікті ережелері мен нормаларын сақтауын, сондай-ақ өз жұмыскерлерінің денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау үшін сақтық шараларын қолдануын;
- қолданыстағы еңбек заңнамасы мен еңбек ережелерін сақтауын, сондай-ақ әртүрлілікті, ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығы ілгерілетуін және кемсітушіліктің алдын алуын;
- өз жұмыскерлеріне қатысты мәжбүрлі немесе міндетті еңбектің барлық түрлерін, соның ішінде қазіргі құлдықтың кез келген түрін, адам саудасын, балалар немесе заңсыз еңбекті пайдалануға тыйым салуын;
- жұмыскерлерге белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен төмен емес жалақы төлеуін;
- жұмыскерлерге жұмыс уақытына қатысты халықаралық стандарттар мен жергілікті ережелердің сақталуына кепілдік беруін **талап етеді**.

Қоршаған ортаны қорғау

KAZ Minerals өз жеткізушілерінен:

- қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жергілікті нормаларды сақтауын және олардың қызметінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін шектеу жөніндегі қажетті іс-әрекеттерді орындауын;
- қоршаған ортаны қорғауға және қоршаған ортаға әсерімізді азайтуға көмектесетін тауарлар мен қызметтерді пайдалануға, сондай-ақ энергия, қағаз, су және қалдықтар сияқты ресурстарды басқару мен пайдалануды жақсартуға қатысты жоғары жауапкершілікті ілгерілетуді;
- экологиялық таза технологиялардың дамуын және таралуын ілгерілетуді күтеді.

KAZ Minerals-тың жеткізушілермен жұмыс жүргізу стандарттары

KAZ Minerals өз қызметкерлерінен өзінің барлық жеткізушілеріне қатысты кәсіби мінез-құлықты және Топтың этикалық және шынайы мінез-құлық қағидаттарын сақтауға, өз қызметкерлері мен ол өз қызметін жүргізетін өңірлердің жергілікті тұрғындарының әл-ауқатын қамтамасыз етуге

деген ұмтылысын құрметтеуді күтеді. Қызметкерлер қоршаған ортаны қорғауға дұрыс қарауы, Топтың парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа абсолютті түрде төзбеушілік саясатын сақтауы тиіс.

KAZ Minerals өз жеткізушілерімен келесі жұмыс стандарттарын әрдайым сақтауға тырысады:

- салалық әділ басқару тәжірибесіне сәйкес келетін және коммерциялық қызметті жүргізудің заңсыз немесе жосықсыз тәсілдеріне жол бермейтін жалпыға бірдей танылған әдістер мен құралдарды ғана пайдалану;
- жеткізушілерден тікелей немесе жанама өтемақы, төлемдер немесе материалдық пайда алудан бас тарту және жеке мүдделердің бұл процеске әсер етпеуін қамтамасыз ету;
- егер Топтың сыйлықтар мен қонақжайлылық көріністеріне қатысты саясатына қайшы келетін болса, жеткізушілерден KAZ Minerals қызметкерінің немесе оның туыстарының немесе байланысты тұлғаларының мүддесінде сыйлықтар, жеңілдіктер, комиссиялық заттар, шақырулар, сапарлар сияқты кез келген түрдегі кез келген артықшылықтарды немесе пайдаларды ұсыну немесе алу бойынша тікелей немесе жанама талаптардан тартыну (www.kazminerals.com);
- барлық жеткізушілердің хабардар болу деңгейі бірдей болуы үшін жеткізушілерге әділ көзқарас пен ашық және жүйелі өзара қарым-қатынасқа кепілдік беру;
- бәсекелестік ережелерін сақтауды бақылау және бәсекелес компанияларға тең қарым-қатынаста болу;
- KAZ Minerals құндылықтарын ілгерілету және Жеткізушілермен жұмыс жүргізу регламентінде баяндалған қағидаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

Бұзушылықтар туралы хабарлау

Жеткізушілерге олардың қызметкерлері мен KAZ Minerals компаниясының, оның қызметкерлері немесе үшінші тараптардың жоғарыда аталған қағидаттарды ықтимал және нақты бұзушылықтары туралы хабарлау ұсынылады. Сіз тікелей KAZ Minerals бастығына/басшысына

- немесе Speak up телефон желісі
- арқылы хабарласа аласыз: Ұлыбританияда 0800 915 1571, Қазақстанда 8800 3333 499 немесе Қырғызстанда 0 0800 80 80 800 телефондарына хабарласу қажет, немесе www.safecall.co.uk/отчет интернет-ресурсын, немесе kazminerals@safecall.co.uk электрондық поштасына хабарлама жіберу. Телефонмен қоңырау шалу тегін.

2019 жылғы тамызда Директорлар Кеңесі бекітті

(алдыңғы 2017 жылғы нұсқасын жаңарту)